

Студенттердің АІБ-мен кездесуі

Колледж студенттері Жетісу ауданының АІБ қызметкерлерімен 31 қазан күні кездесу өткізді. Кездесу барысында кәмелеттік жасқа толмаған жеткіншектердің қылмыс әлеміне көптеп түсіп жатқаны айтылды. Осы 2017 жылдан бері Жетісу ауданының АІБ-да 14 кәмелеттік жасқа толған, 8 кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдердің қылмыстық ісі тіркелгені сөз болды. 2016 жылы кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдердің тарапынан 27 қылмыстық іс қозғалған. Алдыңғы жылғымен салыстырғанда осы жылы қылмыс жасайтын жастардың көрсеткіші бірнеше есе төмендегенін айта кетті.



«Көбіне қылмыстың орын алуы үйдегі ата-ананың дұрыс тәрбие бермеуінен немесе ата-анасының балаға мүлдем көңіл бөлмей, қараусыз қалуынан, баланың зорлық зомбылық көруінен, отбасылық және әлеуметтік жағыдайдың төмендеуі мен нашарлығы салдарынан болады. Осы факторлар баланы қылмыс жасауға итермелеп, оның қатігез болып өсуіне себепші болады»-, дейді аудандық ішкі істер басқармасының қызметкерлері.



2017 жылда он ай ішінде Жетісу районы бойынша кәмелеттік жасқа толмаған 5 жасөспірім өз-өзіне қол жұмсап, өмірін қимақ болған. 2017 жыл ішінде ата-ананың үшеуі ата-аналық құқығынан айрылды. Жалпы осы ағымдағы жыл бойынша 84 кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдер есепке алынған.

Студенттермен кездесу барысында АІБ-нің қызметкерлері қылмысқа ұрынып, үлкен қателікке бой бермей, сақ болу керектігін ескертті. 1-курс студенттері өздерін қызықтырып, толғандырып жүрген сұрақтарын қойып, жауап алды.

